

6 Витченко А.М. Теоретические проблемы исследования государственной власти. Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1982. -196с.

7 Барнашов А.М. Теория разделения властей: становление, развитие, применение. Томск: Изд-во Том. ун-та, 1988. 102с.

8 Атаманчук Г.В. Государственное управление: проблемы методологии правового исследования. М.: Юрид. лит., 1975. -240с.

9 Котляревский С. А. Власть и право: Проблема правового государства. М., 1995.-175 с.

КІШІ ЖҮЗ ЖӘНЕ ОРТА ЖҮЗ ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚОЛ АСТЫНА ҚАРАУЫНЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСТАРЫ

Шаугенбай А.Б., заң факультетінің магистранты, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ (Қожахметов Ф.З. з.ғ.д., профессоры, аға оқытушы академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

Қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлар ауқымындағы саяси-құқықтық дамуына қатысты қоғамдық пікірдің өсіп, жаңа деңгейге көтерілуі, оған деген тың ғылыми тұрғыдағы қызығушылықтың, ұлттық мүдделілік көзқарастардың пайда болу процесіне байланысты ең күрделі, әрі қарама-қайшылықты мәселелердің бірі – кең байтақ қазақ даласының көп ұлтты Ресей империясының қол астына қарауы жөніндегі осы кезге дейін қалыптасқан пікірлерді зерттеушілер тарапынан жаңа концепциялық бағыттағы көзқарастармен, жаңаша, тәуелсіз ой-тұжырымдарымен бағамдауға мүмкіндік беріп отыр.

Кенес өкіметінің тоталитарлық, әміршілдік-әкімшілдік жүйесі бұл мәселеге қатысты тарихи зерттеулерде көп уақытқа дейін өзінің «қолтаңбасын» қалдырды, яғни бұл көтеріліп отырған мәселені қазіргі кезде тарихымыздағы «ақ таңдақтардың» қатарына қосуға болады. Осы тұрғыдан қазақ мемлекеттігі тарихына қатысты өткен ғасырлар ауқымында болып өткен белгілі оқиғалар желісінде қалыптасқан пікірлерді сын көзбен қайта қарап, объективті түрде баға беру – соңғы уақыттағы ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне негізделуі керек.

Тарихымыздың қойнауына көз жүгіртсек, 1726 – 1730 жылдардағы қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларына күйрете соққы беруі, Жоңғар хандығы тарапынан қазақтарға төніп тұрған нақты қауіп-қатерді барынша әлсіреткенімен, осы кезеңде ерекшеленіп үш жүзге бөлшектенген қазақ хандықтары билеушілерінің саяси бірауыздылығының, бір бағыттағы ұстанымдарының болмауы, билеушілер арасындағы шиеленісті, қарама-қайшылықтары күшейтіп жіберді. Бұл кезде қазақ жүздерінің басында – Кіші жүзде Әбілқайыр, Орта жүзде – Семейке және Көшек, Ұлы жүзде – Жолбарыс хандар тұрған еді. Сонымен қатар, қазақ хандықтарының ішкі саяси жағдайының, ахуалының қалыптасуына Әбілқайырдың ұлдары Нұралы, Ералы, Орта жүздің Найман тайпасының арасында беделі бар Барақ сұлтан, Жәнібек батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Ұлы жүзде ерекше беделі бар Төле би, Ханкелді, Бөлек батырлар барынша ықпал жасады. 1715 жылдың күзінде біріккен қазақ мемлекетінің бас ханы – Тәуке қайтыс болғаннан кейін, ондағы хандық орын босайды. Бас хандықтың тағына Шыңғыс ұрпақтарынан тарайтын жасы да, жолы да үлкен деп саналатын Жәдігеннің тұқымдары отыруы тиіс болды, жолы кіші болғандықтан Өсеке билеушінің әулетінен тараған Әбілқайыр бас ханның тағына отыруға үміткер ретінде Тәуке, Қайыптармен бәсекеге түсе алмайтын еді. Сондықтан Әз-Тәуке қайтыс болған соң қазақ хандығының бас ханының тағына оның баласы Болат отырады. 1730 жылы Болат хан қайтыс болған соң, қазақтың үш жүзінің хан-сұлтандары Әулиеата маңына жиналып, құрылтай жиналысын ашады. Бұл құрылтайға үш жүздің ұлы ханы Болаттың баласы Әбілмәмбет және Болат хан тікелей билеген ұлы жүздің сұлтандары, Шығай ханның ұрпағы және өз заманының қаһарманы Барақ сұлтан билеген Орта жүздің сұлтандары, Әбілқайыр бастаған Кіші жүздің сұлтандары қатынасады... Осы құрылтайда Әбілқайыр Әбілмәмбеттен үш жүздің ұлы хандығын алмақ болып жолсыз талап қояды. Сонымен үш жүздің береkesі бұзылады [1; 173-174].

Әбілқайыр – хан әулетінен шыққан сұлтандардың бірі. Қазақ хандығын алғаш құрған Әз Жәнібек ханның жетінші ұрпағы. Ол XVIII ғасырдың 20-шы жылдары Кіші жүзге хан болған. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында қазақ қауымын бастап, жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен әйгілі қолбасшыларының бірі. Тарихшы З. Тоғанның айтуына қарағанда, ол кезде Әбілқайыр қазақтың үш жүзінің ұлы ханы, оған қоса қарақалпақтардың ханы, сонымен қатар, Хорезмде билеуші болуды арман еткен [1; 173].

Қазақ хандығының ең жоғарғы билігі үшін туған таласта, қазақтың беделді сұлтандары мен беделді билерінің басым көпшілігі қолдаған Әбілмәмбет Болат ханның орнына хан болады да, Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласына көшеді. Бұл кезде Әбілқайыр Кіші жүздің өзін де толық билей алмайтын еді. Өйткені, Кіші жүз өз ішінен үш бөлікке бөлінді; оның бір бөлігін Қайыпханның баласы Батыр сұлтан биледі, енді бір бөлігін Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан биледі, Әбілқайырдың билігі Кіші жүздің бір бөлігіне ғана жүретін еді. Әбілқайыр хан жоңғар феодалдарының шапқыншылығына қарсы күресті орыс патшалығының күш-көмегіне сүйенуді көздеген болатын. Осы мақсатпен ол, 1726 жылы өзінің елшісі Қойбағар Көбекұлын Петерборға жіберген. Бірақ Ресей мемлекетінің Сыртқы істер Коллегиясы бұл елшіліктің өкілдігіне күмән келтіргендіктен, олар нәтижелі іс шығара алмай қайтып келген еді [2; 251].

Әбілқайыр хан Ресейдің «қамқорлығына» өтуді көздеп, мынандай мақсаттарды іске асыруды ойлады: 1) патша үкіметінің көмегімен өз жағдайын нығайтып алуды, хан тағы үшін күресте бәсекелестерінің қарсылығын тойтаруды, 2) күшті Ресейге арқа сүйеп, хиуалықты, қарақалпақты бағындырып, үш жүзге бас хан болуды, 3) өзінің хандық билігін сақтап, тақты мұрагерлік жолмен қалдыруды, 4) қол-аяқты жинап алған соң Ресейден бөлініп кетемін деп ойлайды. Әсіресе, соңғы пікірмен толқыған халықты иландырып отырды. Ал Ресейдің қамқорлығында болатын қара халық байсалды тұрмыс табымыз деп ойлады. Ресей үкіметінің түпкі мақсаты – қазақты бағындырып, қазақ даласы арқылы отырықшы Орта Азияға керуен өткізу болды.

Әбілқайырдың бұл пиғылын Ресей патша үкіметі де сезіп, біліп отырды. Орыс елшісі А. Тевкелев бұл жөнінде былай деп жазды: «Әбілқайыр ұлы мәртебелі императордың қамқорлыққа алуын сұрады. Осы арқылы қырғыз-қайсақ (қазақты айтып отыр – Ж.Ә.) Ордасында бір өзін хан етіп қоюды және сол хандықта өзіне мұрагерлер тағайындауды көздейді» [2; 253].

Орыс тарихшысы А. Левшиннің айтуынша, Әбілқайыр өзінің осы хатында қазақтардың жоңғарлардан соққы жеп, ауыр жағдайға тап болғанын айтады, Еділ бойындағы қалмақтардың, башқұрттардың және Жайықтағы казак-орыстардың шабуылына ұшырап отырғандығына тоқталады. Ол өзінің хиуалықтарды, қарақалпақтарды бағындыруына орыс мемлекетінің көмек көрсетуін үміт етеді. Ең соңында, өзінің жеке қол астындағы адамдарының орыс патшасының қол астына мәңгі қарайтыны жөнінде уәде береді [3; 179].

Ресейдің патша үкіметті өз тарапынан қазақ хандығын өзіне қаратып алудың стратегиялық маңызы зор, «ол барлық Азия елдері мен жерлеріне кірудің кілті мен қақпасы» деп білді. Бұл жөнінде Петр I былай деген еді: «Барлық Азия елдері мен жерлеріне кірудің кілті мен қақпасы сол Орданың (қазақ хандығының – Ж.Ә.) өзі ғана, осы себептен де солар арқылы барлық Азия елдерімен қатынасатын жолымыз болуы үшін ол Орда Ресейдің қол астында болуы керек» [2; 243].

Орыс патша үкіметінің қазақтарға жіберген елшісінің басшысы Тевкелев: «Ұлы Петр өз отаны Ресей империясы үшін ежелден естіліп келе жатқан және бұрынғы кезде мәлімсіз болған барлық кең-байтақ қырғыз-қайсақ ордаларын (Қазақ хандықтарын – Ж.Ә.) Ресейдің қол астына қарату тілегі бар екендігін білдірді» деп жазған. Қазақтарды Ресейдің қол астына алу туралы елшілерге нұсқау бере келіп, Петрдің өзі былай деген: «Бұл орданың өзі (қазақ хандығы) анық қол астымызға қарағысы келмейтін болса, онда бір жапырақ қағазға қол қойғызып болса да, Ресей империясының қол астына қарауға міндеттеп қайтуға тырысып көр» деген болатын [2; 244]. Петр патшаның бұл пікірі орыс помещиктері мен көпестерінің саясатынан туындаған еді.

1731-жылы 19-ақпанда Ресейдің әйел патшасы Анна Иоановна Кіші жүздегі қазақтарды Ресей қарамағына алу туралы грамотаға қол қойды. Әбілқайырдан ант алу үшін арнайы елшілік ұйымдастырылды. Тевкелев бастаған 60-кісілік елшілік сол жылы желтоқсан айында Әбілқайырдың Ордасына келді. Алғашында «Ресейге ант беру» деген сөз халықты түршіктірді. Өйткені бұл істі тек қана қазақ халқы емес, Әбілқайырға қарасты беделді қазақ билеушілері де толық білмейтін еді. Оларды өте-мөте қатты ашындырған нәрсе - Әбілқайырдың олармен ақылдаспастан Петерборға сөз салуы болды [3; 181].

Мұны елдің дербестігінен айырылуы деп білген Кіші жүздің және Орта жүздің беделді сұлтандары Батыр, Барақ бастаған қазақтар орысқа бағынуға батыл қарсы тұрды, орыстардың келгенін көргенде ызаға булыққан олар: «Ел-жұрттың разылығын алмай, өз бетімен бұлай істейтін не қақың бар?», - деп Әбілқайырға шүйлікті. Олар орыс елшісі Тевкелевті және Әбілқайыр ханды өлтіріп тастамақ болды. Бұл тартыс бірқатар уақытқа созылды. «Сол кезде Әбілқайырдың Ордасына келген Еділ бойындағы қалмақ тайшалары жіберген елшілер де қазақ шонжарларын Тевкелевтің көзін жоюға, патшаның қол астына қараудан бас тартуға шақырды» [3; 181]. Алайда Әбілқайыр ханның қол астында болған беделі өте жоғары батырлардың бірі Бөгенбай бұқараның қарсылығын

басуға күш жұмсады. Сөйтіп, 1731 жылы 10 қазанда Әбілқайыр хан мен Бөгенбай бастаған Кіші жүз старшындары Ресейге бағынуға ант берді [3; 282].

Сонымен 1731-1738 жылдардың арасында Әбілқайыр бастаған Кіші жүз хандығының 1740 жылы Ресей патша үкіметі Әбілқайыр ханның сұраған мынандай талап-өтініштерін орындаудан бас тартты: 1) зеңбіректі жеткізу қиын деп бермеді; 2) ел арасына сауда таратуға деген керуен жібермеді; 3) баласы аманаттан босатылмады; 4) Сібір бойына қазақты отырықшылыққа үйретуге салынсын деген қаласы «қазақтар бір жерде бас қосып тұра алмайды» деп салынбады. Сонымен, ханның да, халықтың да түпкі мақсаты орындалмады. Осының салдарының екеуі де наразылық көтере бастады.

1741 жылы жоңғар билеушісі Халдан Церен қазақтарға қайтара шабуыл жасады. Жоңғар әскерлерінің бір бөлігі Орта жүзге, енді бір бөлігі Кіші жүз жеріне келіп тиді. Әбілқайыр хан дереу Ресейден көмек сұрады. Орыс патша үкіметі оған жартымды жауап қайтармады. Тек қысылтаян күн туғанда Әбілқайырдың үй-іші және қызметкерлерімен бірге Орынбор бекінісіне келіп паналауға рұқсат берілетіндігін айтты [2; 256].

Орыс патшасының «көмегімен» көңілі қалып, түңілген Әбілқайыр хан астыртын жоңғарларға елші жіберіп, олармен елдесуге ұмтылды [3; 203]. Бірақ патша үкіметі оған жол бермеді. 1741 жылы Петербургқа барған Әбілқайыр елшілері Байбек пен Қожыр батыр Түркияға бағынамыз деп соңғысының елшісіне жолыққан [4; 24].

1748 жылы Әбілқайыр ханды Орта жүздің Барақ сұлтаны өлтірді. Осы оқиғаға байланысты патша әкімшілік органдары Петербургға былай деп жазды: «Әбілқайыр хан қаншалық қиянат жасаса да, басқаларға қарағанда бірінші болып императордың ұлы мәртебесінің қол астына кірген еді» [3; 215]. Әбілқайыр өлген соң патша өкіметі хандыққа оның баласы Нұралыны бекітті. Нұралыға барлық қазақ рулары бағынбады, сұлтандардың арасынан хандыққа таласқан алауыздық туды. Наразы жақтары жаңадан қарсылық көрсетті. Сонымен наразы болғандар Нұралы ханды бекіткен орыс өкіметіне де қарсы болды [5; 29]. Орыс патша үкіметінің Нұралыны хан етіп бекітуіне қарсы болған Кіші жүз қазақтары Батыр сұлтанды (Қайып ханның баласы) өз алдына хан сайлап алды. Батыр сұлтанға қараған тайпалар, оның әкесі Қайыпханның заманынан бері Әбілқайырға бағынбаған еді. Олар орысқа қарауға қарсы болып келген және Ресеймен ешқандай қарым-қатынас жасамаған болатын [3; 222].

Әбілқайыр хан қаза болып, орнына баласы Нұралы отырған соң жоңғар қонтайшысы Нұралыға елші салып, оның қарындасын (Әбілқайырдың қызын) алмақ болды. Бұлардың арасында астыртын жүргізіліп жатқан келіссөзден хабар алған орыс патша үкіметі «жоңғарлар мен қазақтардың құдаласуы Ресей үшін өте зиянды» деп біліп, бұған тиым салды. Жоңғар қонтайшысы айттырмақ болған Әбілқайырдың қызы 1750 жылы қайтыс болды да, бұл іс тоқтап қалды [3; 221].

Сонымен қазақ жүздерінің Ресей империясының құрамына біртіндеп қосылу процесінің нәтижесінде қазақ хандықтары Ресейге тәуелділікте болған вассальдық (әсіресе, хандардың жеке басының тәуелділігі – Ж.Ә.) мемлекетке айнала бастады. Қазақ хандықтарының орыс патша үкіметінен тәуелді қатынастарының негізі патшайым Анна Ивановнаның 1731 жылы 19 ақпандағы [6; 219] Әбілқайырдың өзін, қол астындағы халқымен Ресейдің қамқорлығына алу жөніндегі өтінішіне сәйкес жазылған бірқатар құқықтық құжаттарда рәсімделген. Бұл құжаттарда Әбілқайыр хандығының Ресей империясы алдындағы вассальдық (тәуелділік) қатынастарын сипаттайтын төмендегідей міндеттеме-шарттар көрсетілген: 1) қазақтардың орыс мемлекеті алдындағы тұрақты адалдығы мен сенімділігінің болуы; 2) ясақ төлеу шарты; 3) Ресей империясының қарамағындағы басқа да халықтармен бірге қазақтардың да әртүрлі міндеткерлікті орындауы; 4) қазақтар тарапынан Ресейдің шекара шептеріне, азаматтарына қарсы шабуылдың, арандатушылықтың болмауы; 5) қазақ жеріндегі орыс адамдарының және сол арқылы өтетін сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Сондықтан, Кіші жүз және Орта жүз хандықтарын Ресей құрамына қабылдау рәсімі негізінде 1731, 1740 жылдары іске асырылғанымен, іс-жүзінде барлық қатынастар, басқа да дербес елдердегі сияқты, 1782 жылға дейін Сыртқы Істер министрлігінің Коллегиясы (алқасы) арқылы жүзеге асырылып келді. Патша әкімшілігі қазақ сахарасының Мәскеудегі және Петербурдағы өкілдерін ресми түрде «елшілер» деп атады. Бұл фактіден, патша империясының үкіметі қазақ жерін әлі де болса, Ресей империясының құрамдас бөлігі ретінде есептемегенін байқауға болады. Тек, 1782 жылдан бастап қазақ хандықтарына қатысты болып келген барлық істер генерал-прокурордың құзырына берілді, ал қазақ даласынан жіберілген өкілдер Ресейдің барлық ішкі губерниясының өкілдері сияқты «депутаттар» деген атауға ие болды. Осы кезден бастап Кіші жүз, Орта жүз хандықтарының сыртқы саясат мәселелері Сыртқы істер министрлігінің Коллегиясының (алқасының) толық құзырына өтті, ал Ұлы жүзбен арадағы саяси қарым-қатынастар 1847 жылға дейін, яғни Ұлы

жүздің Ресей империясының саяси билігін мойындап, толық, түпкілікті қосылғанға дейін дербес жүргізілді.

Қазақтардың Ресей империясының толыққанды азаматтығына (подданство) өтуі, қазақ даласының одан әрі қарай Ресейге қосылу үрдісімен сипатталуға тиіс. Ал, қазақ хандықтарының билеушілері Ресей империясы алдында ант берген сәттен бастап, қазақ жерлері есебінен Ресей мемлекетінің аумағы кеңіді мен деген сұраққа жауап іздесек, онда қазақ жерлері есебінен Ресей империясы жерінің көлемінің айтарлықтай кени қоймағандығын байқаймыз. Бұл тұрғыдан сол кезеңдегі ресми құжаттар мен Ресейдің карталарына көз салсақ, Ресейдің қазақ жеріне ішкерілей еніп шекаралық шептік бекіністерін жаппай сала бастауына қарамастан, екі арадағы шекаралық сызықтың Орал, Миас өзендері арқылы өтіп, одан Қорған, Омбы арқылы жүріп, одан кейін Ертіс өзені арқылы жүре отырып, Алтайдың тау сілемдері арқылы өтетінін байқаймыз.

Қазақ халқының Ресей империясының қол астына өтуінің өте күрделі әрі қарама-қайшылықты процесі жағдайындағы Орта жүздегі саяси ақуалға қысқаша тоқтала кетсек, осы кезде Орта жүздің билеушілері ретінде Сәмеке хан, Күшік хан, Әбімәмбет хан, Барақ хандардың аты аталады. Іс жүзінде олардың қай-қайсысы болса да, Орта жүзді түгел билеген жоқ, Орта Жүз ханы деген атағы болмаса әрбірінің өзіне тән иеліктері болды. Бұл жағдай сол кезеңде қазақ мемлекетінде болған саяси бытыраңқылықтан және «Ақтабан шұбырындының» аласапыранынан туындаған еді. Жоңғар билеушілерінің шабуылы салдарынан осы хан иеліктерінің өзі де толқымалы тұрақсыз жағдайда болды. 1733-жылы жоңғар жаугершілігінің шабуылынан ығысқан Сәмеке хан қол астындағы Орта Жүз қазақтарынан он мың түтінді бастап орыс шекарасына қарай ығысып башқұрт жеріне өтті. Кейінірек Кіші Жүздің ханы Әбілқайыр сияқты Ресей патшалығының қол астына өтті. Ал осы мезгілде найман тайпаларының бір бөлігіне хан болған Күшік хан да орыс мемлекетінің шекарасына ауып барған еді.

Екіншіден, осы тұста қазақ ханы Тәуке біртұтас қазақ мемлекетінің көсемі ретінде жарқырай көрінді. Сөйтіп, XVII-ғасырда бытыраңқылыққа ұшыраған қазақ халқының басы қосылып, «бір иықтан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарған» сипатта болды. Міне дәл осы кезде қазақтар одағы жоңғарлармен шайқастың ауырлығына қарамастан өзінің тәуелсіздігін сақтап қалды, ішкі жағдайын біршама күшейтіп те алды. Тәуке хан өзінің дәм-тұзы таусылуға тақаған шақта, яки 1710 және 1711 жылдары үш жүздің басын қосып, жоңғарларға елеулі соққы бере отырып, олардың едәуір жерлерін басып та алды. Дегенмен, бұл жеңістер жоңғарлықтарға тосқауыл бола алмады. Осы кезге дейін әскерін, қару-жарағын күшейткен олар 1713 жылы 1716 жылдары қазақтарға қайта тарпа бас салып, шабуылға көшті. Бұл кезде Тәуке өте науқас еді де, жауға қол бастап шыға алмады. Бірақ оның мұрагері Қайып Әбілқайырмен бірігіп 1717-жылы жоңғарлықтарға қарсы шықты. Алайда олар жеңілістің ащы дәмін татты. Жеңілістің себебі – екі билеушінің арасындағы ауызбірліктің жоқтығында еді.

Үшіншіден, Әбілқайырдың таққа отыруына байланысты; айта кету керек бұл жөнінде деректі құжаттар жеткіліксіз. Ол - Әз-Жәнібек ханның кенже ұлы Өзбек ханның үрім-бұтағы болып келеді. Демек, қазақтың бас ханы ретінде билікке таласу оның жолы емес еді. Алайда бұл заманда да көсемнің жеке басының қадір-қасиеті, ел ішіндегі игі – жақсылардың қолдау көрсетуі көп жағдайда елеулі роль атқаратын-ды. Осы тұрғыдан келгенде Әбілқайыр өзінің алғырлығымен, ержүректігімен көзге түсті. Ол Орта Жүздің Бөкенбай, Есет, Жәнібек сияқты батырларымен өзара байланысты күшейтіп 1716-1718 жылдар аралығында ең беделді ханға айналды. Бұған қоса жоңғарлардың шабуылына сирегірек түсетіндіктен де Кіші Жүз ордасы қазақтардың жауға қарсылық көрсететін орталығына айналуына себепкер болды деп тұжырымдауға болады. Осыған байланысты қазақсахарасындағы саяси жағдайдың шұбыраңқылығы анықталады: бірінші, жоңғарлармен шайқас; екінші, Ресей империясымен шекарадағы – орыстар мен бодандар арасындағы дүрдараздықтың күшеюі; үшінші, Әбілқайырдың Орта жүзбен Кіші жүзге жеке басының қадір-қасиетін арттыру, айбынына сыру үшін Жәдіктентарайтын Қайыптың ұлы Батырмен, Ташкент билеушісі Тұрсынның ұлы Барақпен күресі. Қазантөңкерісіне дейінгі тарихшылар Әбілқайырдың негізгі мақсат-мүддесін әлгінде атап көрсетілген бағытты үшіншісімен байланыстырса, кейінгі кенес дәуіріндегі тарихшылар оның бойындағы кулық, өктемдік, билік құмарлық сияқты қасиеттердің бәріне көз жұма қарап, оны қазақтарды өлімшең гелінен құтқарудың жалғыз жолы – Ресеймен қосылу екендігін көре білген дана, прогресшіл тұлғаретінде бейнелейді.

1716 және 1717 жылдары Тәуке, Қайып, Әбілқайыр өздерінің орыстар мен бейбіт қарым-қатынаста болғысы келетінін айттып Ресейге елші жіберіп, жоңғарларға қарсы күресте бір одақ болуды жақтаған ұсыныстары тарихи құжаттардан белгілі, бұл бодан болу жөніндегі отыңшесемеседі. Сол кездегі орыс патшасы Петр 1717-жылы қазақтарға Борис Брянецев бастаған елшілік жіберді.

Оның қазақ хандары мен жүргізген келіссөзін әтижесі аяқталды. Сол кезеңдегі қазақ хандықтарына байланысты Брянцев өз патшасына қазақтардың пәлендей күші жоқ деп мәлімдеді. Сондықтан патша империясы мүдделі бола тұрса да қазақ сахарасына байланысты ешқандай шешім қабылдаған жоқ.

1723 жылы жоңғарлар қақдаласына жойқын шабуыл жасап, лап берді де, Жетісу мен Сырдария бойындағы қалаларды басып алды. Орта жүз бен Кіші жүз Теріскей мен батысқа қарай ауа көшті. Кіші жүз орыс шекарасы мен Арал теңізінен ары қарай ойысты. Бұл – қазақ тарихындағы әйгілі «ақтабан шұбырынды, алакөл сұламаның» басталуы еді. Осы кезде қарақалпақтар арасына келіп паналаған Әбілқайыр орыс елшісі Масут Юнусовпен кезікті. Ресей империясының тап сол кездегі саясаты мен үйлеспесе де Юнусов, сірә, оған жоңғарларға қарсы шайқаста орыстар қорған болады, көмек береді деп сендірсе керек [7; 196].

Сонымен 1723 жылғы жоңғарлар шапқыншылығының салдарынан әрі Юнусовтың уәдесінен кейін 1726 жылы Әбілқайыр Еділдегі қалмақтар сияқты орыс үкіметінен көмек сұрап, әрі Жайықтың арғы бетіне еркін өтуге, көшіп-қонып жүруге тілек білдіреді. Жоңғарлар мен екі арадағы жағдай ды шиеленістіріп жіберуден қаймыққан Ресейдің Сыртқа істер алқасы бұл өтінішті қанағаттандырмайды. Міне осыдан кейін төрт жыл бойы қазақтар мен Ресей арасындағы байланыс үзіліп қалады. Біздің ойымызша, бұл жерде қазақтардың Ресей үкіметі тарапынан көмек береді деген үмітінің мүлде үзілгендігін пайымдауға болады. Орыстардан күдер үзген қазақтар 1726 жылғы шайқастан соң Еділ қалмақтары мен бейбіт келісім жасайды. Алайда бұл келісімнің ғұмыры ұзақ болмады. Қалмақтар найзасын шошандата берген соң қазақтар Бұланты өзенінің бойында оларға ойсыратас оққы берді. Міне дәл осы тұста Әбілқайыр Шымкент түбіндегі Орда басында өткен құрылтайда қазақ жасақтарының әскери қолбасшы болып сайланды. Сөйтіп, 1730 жылы біріккен қазақ әскери жасақтары Балқаш көлінің солтүстік шығысында, Аңырақай даласында жоңғарлықтарға тағы да есеңгіретес оққы берді.

Аңырақайдағы жеңістен соң қазақ сахарасындағы саяси ахуалдың қалай қалыптасқандығы туралы нақ ты тарихи деректер беймәлім. Белгілісі, 1730 жылы Әбілқайыр хан орыс шекарасына қарай ойысып, Санкт-Петербургқа Ресей империясының «қамқорлығында» боламын деген ниетін білдіріп елшілік аттандырады. Сонда Әбілқайырдың жоңғарларды жеңіп тұрып майдан даласын бастап кетуінен қандай мүмкін, ол жоңғарлармен шайқастағы кейбір сәтсіздіктерге өкінген болар, әйтсе де тарих сахнасынан қазақ халқы жойылып кетеді деген ой оны мазалай қоймас керек-ті. Дегенмен, Әбілқайыр хан ата жаумен шайқаста Бөкенбай, Есет, Жәнібек сияқты әйгілі батырлардың қолдауы қазақ хандығының тағына отыруға жеткіліксіздігін әрі Сырдария бойындағы қалаларды азат етуге Ресей империясының көмегінсіз мүмкін еместігін түсінген болар. Бірақ Әбілқайыр орыс үкіметіне жасаған өтінішінде жоңғарлар тарапынан төнген қауіп-қатер жөнінде мәселені көтермеген, тек башқұрттармен бейбіт өмір сүруге бейімді екенін танытқан. Сондықтан олар патшасына жазған өтініш-хатында біріншіден; өзін және өзінің руындағы үрім-бұтағын мәңгілікке хандық лауазымға бекіту, екіншіден; Жайық және Ори өзендерінің бір-біріне құйылатын жерінде жауларынан паналайтын бекініс қаласалуды сұрады [8; 95].

1726 жылы орыс патша үкіметі оның бетінен қақса, бұлжолы хан өтінішін қанағаттандыруға шешім қабылдады. 1731 жылы 30-шы сәуірде Әбілқайырдан ант алу үшін орыс елшілігі жіберілді. Оны І-ші Петр патшаның бұрынғы бас аудармашысы А. Тевкелев басқарды, құрамында 70 адамы бар елшілік негізінен башқұрттар еді. А. Тевкелевке берілген нұсқамада адалдыққа ант алудың негізгі шарттары егжей-тегжейлік көрсетілді. Тевкелев Уфаға жеткенде Әбілқайырдың өзінің де, халқының да, Бұқара, Хиуа хандарының да, Түркістан, Ташкент билеушілерінің де, қазақ сахарасындағы мыңғыраған көшпенділердің де қуатты орыс мемлекетінің «қамқорлығында» болуы ниетінен айнымайтындығын, әрі олардың мұны (Әбілқайырды – Ж.Ә.) өз көсеміретіндетанытындығын хабарлаған хат алды. Әрине, мұның бәрі Тевкелевтің интасын көтеріп, оны ынтықтатып алу үшін жазылған шындықтан ауылы алыстау, үстірт, асығыс жасалған қорытынды еді.

Сонымен қасқашат үйінде пайтсақ, XVIII ғасырдың аяғы және XIX ғасырдың басына дейінгі уақытқа қатысты қазақтардың Ресей империясы құрамындағы толық азаматтығы туралы осы кезге дейін қалыптасқан түсінік (подданство) саяси-құқықтық тұрғыдан шындыққа жанаспайды. Сондықтан Ресей мен арадағы өзара қарым-қатынасынанын протектораттық негізде қалыптасты, дамыды деп тұжырымдауға болады. Қазақ халқының Ресей империясы ауқымындағы толық азаматтық мәртебесінің пайда болуы XIX ғасырдың орта тұсында жалпы империялық заңдардың барлық қазақтарға ортақтаратылған кезеңде жүзеге асырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоған З. Бүгінгі Түркістан және оның таяудағы тарихы. – Стамбул, 1981. – 173-174 бб.

2. Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1978. – 2 т. – 262 б.
3. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких Орды степей. – Алматы: Санат, 1996. – Ч. 1-3. – 655 с.
4. Кемеңгерұлы Қ. Қазақтың саяси тарихынан // Темірқазық. – 1923. – №3. – 24 б.
5. Аспандияров С. Қазақ тарихының очерктері. – Алматы, 1935. – 29 б.
6. Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы, 1948. – Ч. 1. – С. 64.
7. Әлдибеков Ж.С. Қазақстанның XVII ғасырдың соңғы ширегі – XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси-құқықтық қалыптасуы және дамуының тарихи-теориялық мәселелері. Дисс. з.ғ.д.- Астана, 2010. – 315б.
8. Румянцев П.П. Социальное строение киргизского народа в прошлом и настоящем // Вопросы колонизации. – 1909. – №5. – С. 95.

ЭТАТИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Серикбаева С.С., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.

Полева И.А., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Адамзат өркениеті дамуының бүкіл тарихында мемлекет адам тағдырын, қоғамды, таптарды басқаратын белсенді іс-әрекеттік күш болып табылған. Мемлекет қазіргі қоғам өмірінде маңызды рөлді атқарады. Мемлекеттің мәні оның саяси жүйесінің демократиялылығымен анықталады.

Қазақстан демократиялық және құқықтық мемлекет, сонымен қатар дамыған азаматтық қоғамның қалыптасуының өтпелі кезеңінде тұр. Ең алдымен азаматтық сана-сезімнің жоғарғы деңгейінің қалыптасуы және тұлғаның еркін танымының алғышарттары демократиялық қоғамды шынайы негіздейді, ол мемлекет пен қоғам қарым-қатынасын өзгертеді. Қоғам мемлекеттен бөлектенгісі және оның ісін регламенттегісі келеді. Бұл ұмтылыс құқықтық түрде бекітіледі, соның негізінде мемлекет қоғамның бір жүйесі ретінде анықталады. Заң күші мемлекеттен жоғары болғанда ғана мемлекет құқықтық болып табылады. Мемлекет феноменін, оның жүйесі мен құндылығын, құрылымының принциптері мен тиімді функциялануының механизмін, даму перспективасы мен рөлін зерттеу қазіргі таңда адамзаттық қоғамда, оны басқаруда, әлеуметтік субъектілердің құқықтық өмірі және саяси жетілдіру мәселесінің өзара байланысы мен өзара түсіністігі билікті кешенді зерттеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Демократиялық қоғамның басында саяси ұйымдастырылған мемлекеттің құндылығы мынада – барлық кешеннің көмегімен оның институттарының алынып тасталуы, биліктің теріс жақтарының тежелуі, халық билігі, экономикалық және рухани факторлар нығайтылуы мүмкін, ал қоғам мәдениет пен өркениеттің прогрессивті қалыпта дамуына мүмкіндік алады.

Мемлекет пен қоғам қатынастары феномен ретінде бір-бірімен өзара толықтыратын және өзара бір-бірімен қарама-қайшылықта болатын маңызды қазіргі кезең мәселесін құрайды. Мемлекет және қоғам – бұл өз өмірінде болмыстың екі үлгісі ретінде, яғни бір-біріне өзінше өмір сүрмейтін немесе бір-біріне ықпал ету арқылы ғана өмір сүре алатын құбылыс.

Қоғамда, мемлекетте адам жалпы дамуға ешбір әсер ете алмайтын тіршілік иесі ғана ма, әлде адам қоғам, мемлекет өміріндегі шешуші күш пе? Осы мәселе бойынша бірнеше ғасырға созылған ғылыми пікірталастың нәтижесінде саясаттануда этатизм деген бағыт пайда болды. Этатизм дегеніміз – мемлекетке табыну, кейбір жағдайдағы қоғам мен жеке адам бостандығына әкелетін қиянатына, зорлық-зомбылығына төзіп шексіз билікті мойындау – деп түсінік берілген болатын.

Мемлекет қоғамда саяси билік ұйымдастырған ерекше саяси ұйым үлгісі ретінде, оның өмірлік қызметін тәртіпке келтіруші және қоғамды басқаруда негізгі қызмет атқаратын тұрақты саяси жүйе мен біртұтастықта көрінеді. Өз кезегінде қоғам – бұл құқықтық теңдік, жеке бостандық қағидаларын жүзеге асыратын бастаманы қалыптастыратын қоғамдық қатынастардың жүйесі. Қоғам орталықтандырылған мемлекеттің еркі мен индивид бостандығының арасындағы мықты келістіруші звено ретінде көрінеді, себебі мемлекет дағдарысқа, құлдырау мен бей-берекеттілікке қарсы әрекет етеді және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Қоғам өмірінің саяси құқықтық сферасындағы тереңденген қайта құрушылықтар Қазақстан мемлекеттілігінің және жалпы мемлекеттіліктің қызмет атқару бағыттарын, мемлекеттің нақты ролін,